

Дара және күрделі сөздер



Сабақтың мақсаты.

- **Білімділік:** Дара және күрделі сөздер жөнінде оқушыларға теориялық білім беру
- **Дамытушылық:** Жаттығу жұмыстарын орындау барысында оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту.
- **Тәрбиелік мәні:** Туған жерін, тілін, салт – дәстүрін құрметтеп, адамгершілік, ұлтжандылық қасиеттерге баулу.

- **Сабақтың көрнекілігі:** оқулық, интерактивті тақта, слайд, плакаттар.
- **Сабақтың түрі:** Аралас сабақ
- **Сабақтың әдісі:** Жазбаша орындау, сұрақ – жауап

Сабақтың барысы:

- 1. Ұйымдастыру кезеңі
- Оқушылармен амандасу, кезекшілікті қадағалау, сыныпты түгендеу



Үй тапсырмасын сұрау

- 73-жаттығу ,түбір сөздер,туынды сөздер және жалғаулы сөздер үш бағанға бөліп жазу.
- **Жаңа сабақты түсіндіру**
- Сөздер құрамы жағынан дара және күрделі сөздер болып бөлінеді. Бір ғана түбірден тұратын негізгі және туынды
- Түбір сөзді дара сөз дейді.Мысалы;әке,ауыл. Екі немесе
- Одан да көп түбірден құралған сөзді күрделі сөз дейді.
- Мысалы;әке-шеше,Алатау,қара торы.Күрделі сөздер жасалу жолына қарай төрт түрлі болады;біріккен сөздер,қос сөз, қысқарған сөздер,тіркесті сөздер.

Сөз тұлғасы

Дара сөздер

Күрделі сөздер

Түбір сөз
мыс:
Ата

Туынды түбір сөз
мыс:
Малшы

Біріккен сөздер
мыс:
Ақтау

Тіркескен сөздер
мыс:
Қараторы

Қос сөздер
мыс:
аяқ-табақ

Қысқарған сөздер
мыс:
АҚШ

Барлық білім кітапта. Оқулықпен жұмыс.

**75-жаттығу. Төмендегі сөздердің қайсысы дара,
қайсысы**

Күрделі екенін ажыратып жазу.

76-жаттығу

Күрделі сөздер түрлеріне мысал жазу

Перфокартамен жұмыс

Мысалы	Біріккен сөз	Қос сөз	Қысқарған сөз	Тіркесті сөз
Әп-әдемі				
Ақтөбе				
БҰҰ				
ҚазМУ				
Ата-ана				
Қара торы				
түйеқұс				
Он үш				

Талдау сатысы

- *Ана, сәйгүлік, саяжай*
сөздеріне
фонологиялық талдау
жасау.

Шығармашылық жұмыс.

“ Өлке байлығы” тақырыбына бәйшешек, мұнай, газ, итмұрын, жан-жануар сөздерін қосып өздерің тұратын мекенді суреттеп мәтін құраңдар.



Сабақты қортындылау

Сөздер құрамы жағынан


нешеге бөлінеді?



Дара сөз дегеніміз не?



Күрделі сөз
дегеніміз не?



Күрделі сөз нешеге
бөлінеді?



1. Бүгінгі сабақтан қандай әсер алдың?
2. Сабақтан не ұнады, не ұнамады ?
3. Кімнің жауабы ұнады?
4. Келесі сабақтан не білгілерің келеді?



Үйге тапсырма беру

- Берілген күрделі сөздерді қатыстырып, сөйлем құрап жазу.
- 77-жаттығу
- Пысықтауға берілген сұрақтарға
- дайындалу
- Бағалау: